

Жобалау-сметалық құжаттамаларды республикалық меншіктен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1645 қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің теңгерімдік құны 607546000 (алты жүз жеті миллион бес жүз қырық алты мың) теңге жобалау-сметалық құжаттамаларды республикалық меншіктен Қазақстан Республикасы Спорт және дene шынықтыру істері агенттігінің теңгерімінен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Спорт және дene шынықтыру істері агенттігімен және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті қабылдау-беру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

20

желтоқсандары

№

1645

қаулысы на

қосымша

Республикалық меншіктен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне берілетін жобалау-сметалық құжаттамалардың тізбесі

P/c №	Атауы	Құны (теңге)
1.	ОҚО Түркістан қаласындағы тарихи-этнографиялық саябақтың құрылышына жобалау-сметалық құжаттама.	119500000
2.	ОҚО Түркістан қаласындағы «ОҚО туристік объектілері» ашық аспан астындағы карта мұражайының және инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің, ОҚО Отырар	119850000

	ауданындағы алаңы 176 га Отырар туристік кешенінің аумағын абаттандыра отырып, инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылышына жобалау-сметалық құжаттама.	
3.	ОҚО Отырар ауданындағы туристерге қызмет көрсету орталығы бар этнографиялық кешенін, ОҚО Отырар ауданындағы «Шарбақ» тарихи-мәдени мұражай кешенінің және Отырар оазисі археологиялық ескерткіштері этнопаркінің құрылышына жобалау-сметалық құжаттама.	54800000
4.	ОҚО Түркістан қаласындағы 10 мың орынға арналған зияратшылар ауылының (1,2 кезегі), ОҚО Отырар ауданындағы «Отырар» кәдесый өндірісін дайындау орталығының (халық колөнері және кәсіпшілік мектебі), ОҚО Отырар ауданындағы туристерге қызмет көрсету орталығымен 60 орынға арналған маусымдық қонақ үйдің, ОҚО Отырар ауданындағы туристер келетін археологиялық обьектілердің устінен жабын конструкциялардың құрылышына жобалау-сметалық құжаттама.	209880000
5.	ОҚО Төлеби аудандагы «Қасқасу» туристік-рекреациялық кешенінің инженерлік-коммуникациялық желілерінің құрылышына жобалау-сметалық құжаттама.	103516000
	Барлығы:	607546000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК